

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 335/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 4209 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы N 65/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 02.03.2015 N 65/3 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Ертіс/ауданының/әкімдігі/**ҚАУЛЫ/ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Ауыл және ауыл округтерінің әкімдері Ертіс аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін сотқа тоқсан сайын ұсынсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына/жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|                    |  |
|--------------------|--|
| <i>Аудан әкімі</i> | <i>Н. Пішембаев</i>  |
|                    | Ертіс ауданы әкімдігінің<br>2014 жылғы "27" қарашадағы<br>№ 335/9 қаулысына<br>қосымша |

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстар түрлері

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау;
2. Аумақты қызылсу мұздан тазарту;

3. Аумақты қардан тазарту;
4. Аумақты қоқыстан тазарту;
5. Аумақты арамшөптен тазарту;
6. Қоқысты жинау және шығару;
7. Жас бұтақтарды кесу;
8. Ағаштарды кесу;
9. Ағаштарды әктеу;
10. Ағаштар егу;
11. Гүлзарларды бөліп отырғызу;
12. Көгалдарды қолмен қайта қазу;
13. Шөпті шабу;
14. Ғимараттарды әктеу;
15. Ғимараттарды сырлау.